

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 616 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 мамырдағы N 475 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 289 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.05.2018 № 289 қаулысымен.

Үкіметтік сыртқы заемдар қаражатын, сондай-ақ республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын іске асыру және игеру барысын бақылауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік сыртқы заемдар бойынша есеп беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 616 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспеде "мемлекеттік сыртқы заемдарды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-тармақта:

"және" деген шылау үтірмен ауыстырылсын және "N 08" белгісімен және санымен толықтырылсын;

3) 3-тармақтың 1) тармақшасында:

екінші абзацта "10-күніне" деген сөздер "5-күніне" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"N 08 нысан бойынша ай сайын, есептен кейінгі айдың 5-күніне";

4) көрсетілген қаулыға N 02 нысанда:

2 және 3-бағандарда "Компоненттің" деген сөз "Санаттың" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) көрсетілген қаулыға N 03 нысанда:

"200 ____ ж. " ____ " _____ шоттағы қалдық:" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"200 ____ ж. " ____ " _____ арнайы шоттағы таза қалдық:";

ескерту мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Арнайы шоттағы қалдық сыйақы есептелмей көрсетілуі тиіс";

б) көрсетілген қаулыға N 06 нысанда:

"Қойылған міндеттерге жету" деген жол мынадай редакцияда жазылсын "Қойылған мақсаттарға жету*";

"Жобаны іске асырудың жай-күйі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын "Жобаны іске асырудың жай-күйі*";

"Жобаны іске асыру барысында пайда болған проблемалар" деген жол мынадай редакцияда жазылсын "Жобаны іске асыру барысында пайда болған проблемалар***";

ескерту мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

*Есепті кезеңде қол жеткізілген жобаның мақсаты дәл көрсетілсін.

**Есепті кезеңде жобаны іске асыру шеңберінде өткізілген іс-шаралар, яғни қандай тендерлер өткізілгені, кіммен және қандай сомаға келісім-шарттар жасалғаны егжей-тегжейлі жазылсын.

***Есепті кезеңде жобаны табысты іске асыруға теріс әсер еткен неғұрлым елеулі проблемалар көрсетілсін.

7) осы қаулыға қосымшаға сәйкес N 08 нысанымен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 22 мамырдағы
N 475 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 21 сәуірдегі
N 616 қаулысымен
бекітілген

N 08 нысан

(жобаның атауы)

жоба бойынша республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының жұмсалуды туралы ақпарат

Функ.топ Донор

Мекеме Заемның нөмірі

Бағдарлама

Кіші бағдарлама

200 жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша

N!Санаттың!Санаттың!Тауарларды, ! Келісім- !Келісім-!АҚШ долларында
! атауы ! сомасы ! қызмет ! шарттың ! шартқа !жұмсалған
! ! !көрсетулерді! сомасы ! қол !қаражат

!!! (жұмыстарды)! (келісім- !қойылған!

!!! беруші фирма! шарт ! күн !

!!!! валютада !!

1 2 3 4 5 6 7

Жиынтығы

таблицаның жалғасы

Республикалық бюджетте көрсетілетін шығыстар

Ерекшелігі ! Кассалық шығыстар ! Кассалық шығыстар

! (мың АҚШ доллары) ! (мың теңге)

! _____ ! _____

! есепті кезең үшін! жыл басы. ! есепті кезең! жыл басы.

! !нан бергі ! үшін !нан бергі

8 9 10 11 12

Ескерту: 1. Ескепке Қазақстан Республикасының инвестициялық жобаның іске асырылуы үшін жауапты орталық атқарушы органның немесе өзге де мемлекеттік органының басшысы немесе оның орынбасарлары қол қоюы

2. 7-бағанда заем әрекеті басталғаннан бергі жұмсалған сома көрсетіледі.